

Алтаева А.К.
**Иландыру тәсілдерін тілдік
жағдаятқа сай жұмсау**

Мақалада тілдегі ерекшеліктерге, қызықты проблемаларды қисынды талдауға, көпшілікті иландыру тәсілдеріне, айтысқа басты назар аударылады. Көпшілікті иландыруға ықпал ету тәсілдері, дәйектеменің дұрыс-бұрыс тәсілдері, соларды айтысу кезінде жұмсай білу нақты талданады. Мысалдардың басым көпшілігі көркем әдебиеттен алынған. Бұл қисын (логика) – абстрактілі теорияның ғана емес, күнделікті тәжірибенің көрсеткіші де бола алатынының айғағы. Иландыруды өзгерту тәсілдерін зерттеудің маңызы ең алдымен адам өзінде бар наным-сенімге сүйеніп әрекет етуінде әрі илануды өзгерту оның мінез-құлқын өзгертуімен байланысты екенін жеткізе білуінде. Иландыру – бұл шынайы болмыс туралы түсінік қана емес, сонымен қатар оған берілген баға, идеал, сенім, норма, мақсат, жоспар да бола алады. Түрлі салада ұшырасатын әр адамға тән айналасын иландыруға әсер ету дағдысы арнайы мамандануды қажет етпейді. Алайда дәйектеме теориясын арнайы оқып-үйренуді талап ететін қызмет түрлері мен мамандықтар бар. Демократиялық қоғамда бұлардың қатарында саясат пен заңшығаруды, журналистика мен психологияны, тарих пен теологияны т.б. айтуға болады

Түйін сөздер: айтыс, ақиқат, дұрыс және бұрыс тәсілдер, пікірталас, полемика, эклектика, софистика.

Altaeva A.K.
**Using the methods of beliefs in
language situation**

In article the main attention is given to language distinctions, logical analyses about interesting problems, methods of persuading the audience and to dispute. Methods of impact to persuading the audience, correct and incorrect devices of argumentation and its special case – dispute are discussed in details. Most of examples are taken from imaginative literature. It may show that logic is not just subject of abstract theory, it is also daily practice in persuading. The importance of searching methods of conviction's changing is first of all due to the fact, that man acts based on his own beliefs and changes in these beliefs is behavior modification at the same time. Beliefs are not just impression of reality, these are also his evaluations, ideals, faith's symbols, standards, purposes, plans. In many areas the skills of effecting to other people's beliefs don't need special improvement. But there is also some activities and professions which need special studying the theory of argumentation. In democratic societies they are: policy and law, journalism and psychology, history and theology and s.s.

Key words: dispute, truth, correct and incorrect devices of disputing, discussion, debat, eclecticism, sophistry.

Алтаева А.К.
**Применение способов
убеждения в языковой
ситуации**

В статье главное внимание уделяется особенностям языка, логическому анализу содержательно интересных проблем, способам убеждения аудитории и спору. Подробно обсуждаются способы воздействия на убеждения аудитории, корректные и некорректные приемы аргументации и ее частного случая – спора. Большинство примеров взято из художественной литературы. Это позволяет показать, что логика – не только предмет абстрактного теоретизирования, но и повседневной практики рассуждения. Важность исследования способов изменения убеждения связана прежде всего с тем, что человек действует на основе имеющихся у него убеждений и изменение убеждений является одновременно изменением его поведения. Убеждения – это не только представления о реальности, но и ее оценки, идеалы, символы веры, нормы, цели, планы. Во многих областях имеющиеся у каждого навыки воздействия на убеждения окружающих не требуют специального совершенствования. Имеются, однако, такие виды деятельности и такие профессии, которые требуют специального изучения теории аргументации. В демократических обществах это – политика и юриспруденция, журналистика и психология, история и теология и т.д.

Ключевые слова: спор, истина, корректные и некорректные приемы спора, дискуссия, полемика, эклектика, софистика.

**ИЛАНДЫРУ
ТӘСІЛДЕРІН ТІЛДІК
ЖАҒДАЯТҚА САЙ
ЖҰМСАУ**

Жас ұрпақ болашақтағы өз бағытын дұрыс белгілеп, саралай білу үшін оларға берілетін білім өзегінде, біріншіден, өзіндік сана, көзқарас, дүниетаным мен сенім қалыптастыратын, екіншіден, қай ортаға болсын тез бейімделіп, жаңа ақпараттарды тез түсіну, қабылдау қабілеттілігін, іскерлік қасиетін дамытатын компоненттер қатар қамтылуы тиіс. Сонда ғана білім әлеуметтік күштен практикалық қажеттілікті ақтайтын тегеурінді күшке айналады. Сондықтан біріншіден, айтысып, пікірталастыру барысында тілдің танымдық сипаты мен коммуникативтік қызметіне сай өмір-тіршілік жағдаяттарын ескере отырып, жан-жақты меңгерудің тиімді жолдарын үйрету көзделеді. Бұл міндет сөз мәдениетін қарым-қатынастың нақты түрлері бойынша жүйелі дамыту, жетілдіру арқылы шешілетін. Себебі тілдік мәдениеті, білігі бар адам қай ортада да өзіне сенімді бола алады және айналасындағылармен өзара тіл табыса білуге, пікірталаста өз ойын дәл жеткізуге қабілетті болады. Екіншіден, тіл пікірталас кезіндегі адам санасында шындықты бейнелеу мен жинақтау құралы болғандықтан, ол адамдардың интеллектуалдық әрекетінің де ерекше түрі болып саналады. Яғни тіл мен сөйлеу – сол адам болмысының, оның жалпы табиғатының көрсеткіші. Бұл тұжырым адамның коммуникативтік дағдыларын жеке тұлға мәдениеті тұрғысынан қарастыруды қажет етеді.

Айтыс – әрбір жақ дәйекпен талданатын мәселеге қатысты өз пікірлерін, ұстанымдарын ортаға салып, қарсы жақтың айтқанын теріске шығаруға ұмтылатын пікірталас түрі.

Айтыс әлдебір мәселені түсіндіру мен сұрақты шешудің құралы. Оның көмегімен түсініксіз, әржақты көзқарастар талқыға салынып, ортақ бір мәмілеге келу үшін илануға негіз іздейді. Тіпті қатысушылар соңында келісімге келмесе де, айтысу барысында олар қарсы жақтың ойын да, өз пікірін де нақтылап алады.

Айтысты жүргізу өнері эристика деп аталады. Эристика саяси, құқықтық және моральдік полемиканың гүлдену дәуірінде Ежелгі Грекияда кеңінен таралды. Алғашқыда эристика айтыстың көмегімен ақиқат пен мейірімділікті іздеу құралы ретінде қабылданды. Бұл өнердің міндеті өзгелерді өз көзқарасының дұрыстығына иландыра білуге үйрету болды. Алайда бара-бара эристиканың бағыты өзгерді: ол енді ақиқат пен әділдікті пір тұтпай, қандай жолмен болса да жеңіске жетуді

көздеді. Сөйте-сөйте айтыста жеңуден өзгені көздемейтін бұрыс тәсілдер кең тарала бастады. Бұл, әрине, айтыс өнеріне деген сенімге шек келтіре бастады. Эристика диалектика және софистика деп бөлінді.

Алғашқысын Сократ дамытты, ол өзі бастап «диалектика» сөзін нәтижелі айтыс, диалог жүргізу өнері мағынасында алғаш қолданды. Өзара қызығушылық таныта отырып мәселені ортаға салу және пікір таластырудың соңы ақиқатқа әкеледі. Ал софистика ақиқатты емес, жеңісті айтыстың басты мақсаты деп танып, айтыстың идеясының өзін қаралауға бағытталады.

Әрине, айтыста бұрыс тәсілдерді қолдану айтыстың идеясына нұқсан келтіретіні сөзсіз. Себебі айтыс адамдар арасында өзара түсіністікке жетудің, әлем туралы білімді тереңдетудің маңызды құралы. Эристика айтысты оқыту және оны жүргізу өнеріне үйрету ретінде қажет әрі пайдалы. Тек мына шартты сақтаса ғана: айтыстың мақсаты кез-келген жолмен жеңіске жету емес, ақиқат пен мейірімділік орнату болса.

Эристика жеке бір ғылым немесе қандай да бір ғылымның тармағы емес. Ол жүріске не музыкаға үйрететін секілді «тәжірибелік өнердің» бір түрі.

Айтыстың дұрыс тәсілдері

Айтыста жеңіске жетуге жетелейтін тактикалық тәсілдерді дұрыс және бұрыс, немесе шектен аспайтын және шектен асып кеткен деп бөлуге болады. Біріншісі тікелей техникалық сипатқа ие, онда кулық элементтері бар, бірақ тікелей алдау жоқ. Екіншісі (бұрысы) – әр түрлі алдаушылық әрекеттер.

Әрине, тактикалық арбаудың екеуін де білген жөн. Дұрыс тәсілдер бар құралдарды пайдаланып, өз көзқарасын дәлелдеуге үйрену үшін қажет. Бұрыс тәсілдер бұл құралды дұрыс меңгермеген қарсыласты мұқалдыруға көмектеседі.

Айтыс – бұл да күрес, сол себепті сәтті, жеңісті күрестің жалпы әдістері айтысқа да тән болып келеді.

Кез-келген күресте ұсыныс айту бағаланады. Айтыста оның тақырыбын кім таңдаса, оны нақтырақ түсінеді де, соның нәтижесінде айтыстың барысын өз сценарий бойынша жүргізіп кетеді. Мысалы: - Олай болса, кәне, мен «жеребьевка» жасап жіберейін. Кімде-кімге «О» деген қағаз тап келсе, сол адам концертке бармайды, өкпе болмасын, – деп, ақ қағаздарды мұқият қайшымен қиып, белгілей бастады («Айқын», 09.10.08).

– Басшы болсаң, әділ болсаң, нағыз еңбекшінің жанында жүр. Көр өз көзіңмен: кім пә-

руана, кім жалқау. Кім ауырдың үстімен, кім жеңілдің астымен жүретінін. Көр. Біл. Әділдік сонда орнайды (Ш. Мұртаза). – Әлбетте, әдебиет «жоқ» деп «мысықтілеу» болудан өскен әдебиетті көрген емеспіз. Кішкентай әдебиеттің үлкен насихатшысы болғанда ғана төлтума өнердің өрісі кеңеймек. Бізде сын жазудан гөрі сыншы болуға деген дайындық басымдық (О. Бөкей). – Қорытындылар болсақ, жастар ұйымы қажет. Мемлекет қолдау көрсетуі керек. Баланы аяққа тұрғызып жібереді ғой, сол сияқты аяққа тұрғызу керек. Ол өзінің ісін алып кете алды ма, жоқ па, бақылау қажет. Алып кетсе, жан-жақты қолдау кеңінен көрсетілгені абзал. Алып кете алмады ма, онда ондай ұйым жабылатын болсын. Менің пікірімнің түйіні, міне, осындай («Айқын», 09.10.08).

Әрі қарай шабуылға шыға білу маңызды. Шабуылды бастаудың өзі – қорғанудың бір жолы. Мысалы: – Сонда оның бағып жүргені мал да, менің бағып жүргенім – ит пе? Ала қойды бөле қырыққанды қашан қоясындар, осы? Мықты болсаң, осы шөпті бермей көр! (Қ. Жұмаділов). Қарсыластың ойына қарсы пікір айтудың орнына оны қорғануға итермелеу керек. Ол қорғану үстінде болғанда өз пікірінді бірінші болып алға тартып үлгеру керек. Шәмшігүл. Дәуке! Маған мебель керек.

Дәулет. Е, осы жуырда ғана алған едіңіз ғой?

Шәмшігүл. Алғам. Бірақ ұнамайды. Оны мен «Космос» деп дардай етіп жүрсем, арасы үгіндімен толтырылған бірдеме екен. Енді «Будапешт» керек.

Дәулет. Ойбай-ау! «Будапешт» төрт-бес бөлмесі бар пәтерге лайық мебель. Оның үстіне... бағасы да...

Шәмшігүл. Немене, бізді ақшасы жоқ кедей деп естіп пе едің?

Дәулет. Құдай сақтасын, Шәке, ондай ой түсімізге де енген емес. Екеуің де айтулы қызметтесіңдер. Жантуар болса анау, жобалау институтында бөлім бастығы, сіз болсаңыз, ғылым кандидаты, жоғары оқу орнында сабақ бересіз. Ақша сендерде болмағанда, кімде болмақ?! Шынымды айтайын, жалғыз ғана түскен еді, амал жоқ, өзіңіз келіп қалған екенсіз, алыңыз.

Шәмшігүл. Жоқ, өйтіп қиналсаңыз, алмауыма да болады.

Дәулет. Жо-жоқ! Қиналып отырғаным жоқ. Қазір! (С. Шаймерденов).

Исабек (намыстанып). Мынау не деп кетті. Басқа бір жөні түзу сөз түспеді ме аузыңа...

Гүлжан. Бөлме сөзімді. Мен үшін намыстанбай-ақ қой. Шындықтан артық жөні түзу не болушы еді. «Сенің сахнадағы ойы-

нында шындық шамалы» деп сынағаныңда мен үндемеймін ғой. Өйткені шындықты суға, өмірді дуға айналдырып жазуға өзіңнің етің әбден үйренген. Сен жазып, мен ойнай алмасам, әңгіме басқа. Ал дәл қазір өзім туралы бар шындықты айтуға правом бар шығар (Қ. Мұхамеджанов).

Сондай-ақ әрекеттер концентрациясы да маңызды. Қарсыластың дәйектер жүйесінің орталығына не оның ең әлсіз тұсына бағытталу.

Қарсыластың өз сөзін өзіне қарсы қару ете білу. Қорғайтын тезисіңді күшейтетін салдарды қарсыластың өз сөзінен іздеуің керек. Осылайша қарсыласты күтпеген жағдайда қалдыру қажет. – Кешіріңіздер, сол «үстірт қабылдаудың себебі не?» деп терең ойласаңыздар, сонда сіздер бір ұйымға бірігуге шын мәнінде қарсы боласыздар. Сол үстірт қабылдаудың өзі де осындай бағыттағы қоғамдағы ұйымдарды біріктірудің салдарынан болған («Айқын», 09.10.08).

Ержігіт. Қандай қатыгездік!

Сұлужан. Қыз қатігез болса, махаббаты берік дей бер.

Ержігіт. Әбден шаршадым...

Сұлужан. Жігіт шаршаса, махаббатының әлсіздігі-дағы (С. Шаймерденов).

Әдетте, қазақы мінез-құлықта бұндай тәсіл айтысудан гөрі, татулыққа шақырады. Мына үзіндіге назар аударайық: Сонда Текебай сонадайдан аттан түсіп, Қабылбектің қасына келіп:

- Менің күшігім саған қарап шәуілдесе керек, Қабылбай. Айыбын көтергелі келдім алдыңа. Кешіремісің, сірә! – депті.

Мына сөзден Қабылбектің қабырғасы сөгіліп, қалбалақтап атынан аунап түседі: – О, текті би Текебай! Сенің балаңның айыбынан менің айыбым асып кетті білем. Аға болсаң да, сені мен аттан түспей тындаппын-ау. Сен кешіремісің мені? (Б. Момышұлы).

Кездейсоқтық – бұл да бір жасырын тәсіл. Мәселен, күтпеген, маңызды мәліметтерді айтыстың соңына қарай сақтап отыру. Мысалы: Жаңа әзірлеп жатқан пьесада Несіп дейтін дарақы, оғаш мінезді әйелдің рөлі бар, соны Досалиеваға табыстайтынын айтты. Келіншек танауы қусырылып, өңі қуарып кетті.

– Бәке, мұндай ұсақ-түйекке мені несіне шаша бересің!

– Мәриям, өзіңіз білесіз. Олқысынады екенсіз, алдыңыздан қайтқан болсын, онда мына жаңа кісі – Әсемтайға ұсынамын. Ал тегінде, ұсақ-түйекті де әредік ойнап қойған жөн болар еді сізге (Ш. Құмарова).

Ержігіт. Ай, бір шикіліктің барын сезуші едім-ау.

Махмет. Сезсең, неге айтпадың?

Ержігіт. Айтты не, айтпады не?

Махмет. Осы махаббат дегенде көз де, ми да жоқ қой, деймін. Көзі болса, өзі сұлу, өзі өнерлі мына Ержігітті сүймес пе еді. Ал егер миы болса, мына мен... бір бөлімшенің дырдай бастығы... Ақылды деген Сұлужанның өзі ана дәукес Мақтаймен кетті-ау! Бұл не сұмдық.

Ержігіт. Сұмдық дейтін түгі де жоқ. Сен болсаң, сыздап жатқан бес батпан салмақ. Мен болсам, ұшып-қонып жүрген жел... қаңбақ... Әйел заты мұның бірін де жақсы көрмейді.

Махмет. Енді не жақсы көретіні?

Ержігіт. Салмақ пен қаңбақты мылжамылжасын шығара араластырып, сосын қаққа бөлсе... сонда...

Махмет. Тек, сайтан, не артист болып, не бастық болып жарытпаймыз ғой онда (С. Шаймерденов).

Айтыстың бұрыс тәсілдері

Айтыста жиі ұшырасатын бұрыс тәсіл – тезистен ауытқу. Бұл тәсіл қажетті ережені негіздеудің орнына басқа дәйектер келтіру арқылы көрініс табады. Мәселен, «шынарда алма өспейді» дегенге негіздеме келтіру керек; оның орнына алма ағашында өседі, ал алмұрт, шие ағаштарында өспейді дегенді дәлелдеп кетеді.

Тезисті ауыстыру толық және ішінара болып келеді. Айтысқа түсуші тезисті дәлелдеу, растату мүмкін еместігін сезіп, тыңдаушының назарын басқаға аударып жібереді, ол да, әрине, маңызды болуы мүмкін, алайда айтылған ережеге тікелей қатысы бола бермейді. Мысалы:

– Көршіңнің жағдайы қалай? – деді бір кезде.

– Жағдайды менен сұрағанша, барып білмейсің бе?

– Тап осыны дұрыс айттың, – дейді ол менің ыңғайыма көне кетіп, – жөн сөзге қой да маңырайды. Барғым келеді-ақ, қолы құрғыр тимейді. Сосын әлгі дін ашып әңгімелесе де алмайсың барғанда. Әрі әп-әдемі жігіттің кәріп жағдайын көргенде, ішімді ит жыртқандай болады. Сезімтал адамға қиын екен (З. Шүкіров).

Бұдан әрі талданатын тәсілдер осы негізгі тәсіл тәрізді, айтысты басқа арнаға өзгертуге мүмкіндік тудырады.

Тағы бір бұрыс тәсіл – «қарсы жақ байқамайды» деген үмітпен жалған, дәлелсіз дәйектерді қолдану. Бұндай тәсіл мына сөз қолданыстардан тұрады: «бәрімізге белгілі», «әмбеге аян», «ықылым заманнан бері», «қашаннан бар», «еш күмән тудырмайды», «ешкім жоққа шығармайды» т.б. Бұл жағдайда тыңдаушы «бәріне белгілі» жайды білмей келгені үшін іштей ұялып отыруы мүмкін.

Жалған дәйекке сүйенудің тағы бір жолы – әдейілеп шатастыру. Бұл тәсілді қолданушының сөзінде қанша ақпарат болғанмен, оны іліп алу қиын.

Исабек. Әлбетте, мен классик емеспін. Біздің ханум үшін айта берсең классик жоқ.

Иосиф Татаевич. Енді қайттік, ағайын? Сені мақтап жүрген сынға сенейік пе, жоқ әлде, мына жан жарыңның сөзіне сенейік пе?

Гүлжан. Абзалы, әркім өзіне-өзі сенгенге не жетсін.

Мәмбет. Ал керек болса, Гүлжан, енді шамалы аясайшы жұртты (Қ. Мұхамеджанов).

Көпшілікті дәйек етіп, соған сүйену. Яғни, тезистің шынайы не жалған екенін негіздеудің орнына тыңдаушылардың көзқарасына, сезіміне, көңіл-күйіне арқа сүйеу. Осындай дәйекке арқа сүйеген адам өзінің қарсыласына емес, өзгелерге қарап сөйлеп, оларды өз жағына тартуға ұмтылады, нәтижеде олардың ақылына емес, сезіміне әсер етеді. Мысалы: – Ағайын-туған деп қайтесің, бұларға алаңдап. Ол сен алыста жүргенде – бұлардың бауырлары езіліп, емекісіп тұратыны, ал ертең осылардың ортасына келші...

– Ой, жарықтық-ай, бір жөн сөз айта ма десе өстіп қысыққа кетеді енді – деді жақтырмаған әпкесі күңкілдеп (С. Мұратбеков).

Жеке тұлғаға қатысты дәйек келтіру. Жеке тұлғаның кемшіліктерін ақ-қарасын ажыратып жатпай, оны келеке етіп, күлкілі жағдайда қалдыру, ал ақылына мүлдем көңіл бөлмеу. Бара-бара оның айтқаны емес, өзі күлкіге айналатын жағдайға жетеді. Тіпті қарсыласқа тағылатын мін неше жерден дәйекті болғанмен, бұл айтыстың ауқымын тарылтады. Сондықтан да бұрыс тәсілдің қатарына жатады. Жалпы айтыста қарсыластың жеке қасиеттерінің айтыста қаралатын мәселеге қатысы болмау керек. Мысалы: – Еңбегі жанған, елге сыйымды біреу болса, көрінген жерге күл төгіп көшіп жүре ме? (Қ. Жұмаділов).

Исабек. Айта бер, айта бер. Есіңізге тағы бір салайын, ханум. Менің еңбектерім уақыт талабынан туады.

Гүлжан. Сенен кім талап етсе, ол талап етсін бәрібір, шама-шарқың публицистикадан аса алмайтынына әлдеқашан көзім жеткен (Қ. Мұхамеджанов).

Исабек. Айша апай, осы жағын баса айтыңызшы. Сондай оқиға болған десем, Гүлжан осы күнге дейін сенбейді. Бұл инициативаны ең алдымен бастаған мен едім ғой, есіңізде ме, Айша апа?

Айша апай. Жаңылмасам, бәрін бастаған Сабыр болатын.

Гүлжан. Суайттығың көрініп қалды-ау.

Исабек. Бірақ енді өзі... (Қ. Мұхамеджанов).

Алайда жеке тұлғаға қатысты дәйектердің жағымды жақтары да бар. Бұндай жағдай қылмыскердің жақсы қасиеттерін ашу арқылы оның қылмысын ақтау үшін адвокаттың сөзінде жиі ұшырасады:

«Господа присяжные заседатели, господин судья! Мой клиент признался, что воровал. Это ценное и искреннее признание. Я бы даже сказал, что оно свидетельствует о необыкновенно цельной и глубокой натуре, человеку смелом и честном. Но возможно ли, господа, чтобы человек, обладающий такими редкостными качествами, был вором?» [1, 93].

Адамға қатысты дәйек келтіру. Өз ұстанымын нығайту мақсатында қарсы жақтың өз айтқанын алға тартып, негіздемеге жарату. Мына мысалға көз жүгіртейік:

«Школьники просят учителя ботаники вместо урока отправиться в лес. При этом они ссылаются на то, что, как он сам не раз говорил, непосредственный контакт с природой – лучший способ узнать ее тайны» [1, 75].

Сұлужан. Мақтайға тура жұмақ орнаттыңыз-ау, Маха.

Махмет. Орнатсам, немене, Мақтай жұмақ орнатуға тұратын еңбеккер жігіт.

Сұлужан. Уәдеге келгенде жүйріксіз, әйт-еуір.

Махмет. Уәде беріп орындамаған жерім жоқ.

Сұлужан. Қайдам? Ертең: «Мақтай, сені қайда көрдім», – деп жүрмесеніз болды (С. Шаймерденов).

Бес жыл болды, – дейді жас келіншек әлден уақытта, соны айтқанда қабағында кірбің білінеді, – Кавказға қыдырып қайтсақ деп жылда айт-амыз. Тірнектеп дайындалған да боламыз. Бірақ сәті бір түсер емес, өмір бойы сәті түспес те деймін.

Бұл әңгіме Әбекеңнің шамына тигендей екен.

– Өзіңнен бәрі! Бір нәрсе құрай бастасақ болды, біресе шифоньер керек еді, біресе диван іздейсің, қайдағы қымбат киімге зауқың соғады. Сонан кейін, әрине, сәті түспейді (З. Шүкіров).

Махмет. Қойшы ойынды, Сұлужан. Пілдей бөлімше бастығы Махмет тұрғанда, шитімдей шопан Мақтай неңді алған!

Сұлужан. Бойына сеніп, түйе жылдан құр қалған деген бар. Байқаңыз, Маха!

Махмет. Тап бұл жерде құр қалсам, құриын да, Сұлужан (С. Шаймерденов).

Марапаттауды дәйек ету. Айтыс үстінде қарсыласын шектен тыс мақтау арқылы оның ұстанымын жұмсартуды көздеу.

Пікірталас үстінде «оппоненттің терең эрудициясы күмән туғызбайды», «оппонентіміз – осындай тамсанарлық қасиеттердің иесі» деген тәрізді қолданыстарды естіген бойда-ақ марапаттаудың дәйек болып тұрғаны түсінікті болады.

Исабек. Көктөбені Фудзияма деп жүрген Алмагүл ме?

Досберген. Енді кім деп едің?

Исабек. Ой, азаматым-ай! Географ әйелі бар адамның арманы бар ма екен?

Досберген. Тап содан айдарымнан жел есіп жүргені шамалы. Ауылдағы мысықтарға шейін ат қойып алған. Топонимика деген бір пәле шығарды, түсінсем бұйырмасын. Экскурсияға сүйреп оқушылардың да ығырын шығарды. Көпке дейін мұнысына тілім келмей жүрді. «Фудзияма» дегеніңіз айтуға оңай емес екен. «Әй, өзіміздің толып жатқан тауларымыздың аты бұйырмады ма саған» десем де болар емес (Қ. Мұхамеджанов).

Өзінің әлсіздігін бүркемелеу үшін беделді дәйек ету. Өз көзқарасын қолдату мақсатымен қарсылық тудырмайтын, дұрыс емес болса да, дәйекті болып көрінетін кісі аттары мен идеяларына сілтеме келтіру. Мына мысалға көз жүгіртсек: «В дискуссии по мировоззренческим вопросам одна сторона ссылается на авторитет великих ученых: физиков, математиков, химиков. Другая сторона чувствует, что эти авторитеты в частных областях далеко не всегда правы в самых общих вопросах, но не рискует высказаться против них» [2, 39].

Есқалин. Қысылып отырғаным жоқ, Шәмшігүл шырақ. Жеңген қалай қарар екен, соны ойлап отырмын.

Шәмшігүл. Е, өзіңіз тап басып, бел байласаңыз, жеңеміз қайда кетер дейсіз!.. Міне, ініңіз отыр ғой, шынын айтайын, «қай жағынан шығамыз» деп, күні бүгінге дейін қасы мен қабағына қарап жүреміз (Жантуар бір көтеріліп, желпініп алды) (С. Шаймерденов).

Физикалық күшті («таяқты») дәйек ету. Күшпен қауіп төндіру не мәжбүрлеу құралын қолдану. Мәселен, әкесі баласына «үштік» баға

алса, жазалайтынын ескертеді. Мысалы: «Кімнің арқасында директор боп шалқақтап жүргеніңді ұмытқан екенсің! Тұра тұр, күні ертең тағыңнан жұлып түсіріп, екі аяғыңды көкпен келтірмесем, Жұмабике атым өшсін!» (Ш. Құмарова).

Ержігіт. Сенің де қулығың белгілі болды. Сақалды басыңмен өзің қуып бармақсың ғой.

Махмет. Сақалға тиіспе, шырақ. Ерте қызмет істегенім болмаса, мен сенен төрт-ақ жас үлкенмін.

Ержігіт. Онда менің шаруам жоқ.

Махмет. Мына қызыл көз менің сорыма келмесе не қылсын?! Тұра тұр, бастық құрығы ұзын, жігітім. Көрермін қалай әндеткеніңді... (С. Шаймерденов).

Көргенсіздікті дәйек ету. Айтыс үстінде қарсыластар білмейтін, тіпті тексеріп жатпайтын деректер мен ережелерді алға тарту. Мысалы:

«Приводится известный принцип, но сформулированный на латыни, так что другая сторона, не знающая этого языка, не понимает, о чем идет речь, и вместе с тем не хочет этого показать. Иногда неспособность противника опровергнуть какое-то утверждение представляется как довод в пользу этого утверждения: «Можешь доказать, что никто не способен читать мысли другого?» – «Нет, не могу». – «Значит, должен согласиться с тем, что кто-то способен это делать» [2, 57].

Аяушылықты дәйек ету. Қарсы жақтың аяушылық сезімін оятып, жеңіске жету. Мәселен, емтиханды тапсыра алмаған студент ең болмаса «қанағаттанарлық» баға алмаса, шәкіртақысыз қалатынын айтып, профессордың қойып беруін өтінеді.

Бұл дәйектердің барлығы өз ұстанымын қорғаудың бұрыс тәсілдері болып есептеледі. Айтыста негізгі тақырыптан әдейілеп алшақтап кетуге болмайды. Тақырыпқа мүлде қатысы жоқ сұрақтар да артық болып есептеледі. Олар негізгі ойдан адастырып жіберуі әбден мүмкін.

Кішірейе отырып ақылды болу – таптырмайтын қасиет. Алайда бұндай қасиет ақиқатты жалғанға, әділдікті әділетсіздікке айырбастауды мақсат тұтса, ол адамның әлем мен өмірді тану жолында үлкен кедергі болады.

Әдебиеттер

- 1 Об ораторском искусстве. – М., 1973. – 230 с.
- 2 Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М.: Искусство, 1986. – 502 с.

References

- 1 Ob oratorskom iskusstve. – М., 1973. – 230 s.
- 2 Bahtin M.M. Estetika slovesnogo tvorchestva. – М.: Iskusstvo, 1986. – 502 s.